

САРЫАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ХХІІІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті ХХІІІ сессиясы өтті. Сессия отырысына аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімінің орынбасары Б.Полатов, қала, кент және ауылдық округ әкімдері, ауданның дербес бөлім басшылары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессия қарауына енгізілген мәселелер:

1. 2021 жылға арналған Сарыағаш аудандық бюджетінің орындалуы туралы;

2. Қала, кент және ауылдық округтердің 2021 жылға арналған бюджеттерінің орындалуы туралы;

3. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы мақұлдаған Сарыағаш ауданы бойынша 2021 жылғы Сарыағаш аудандық бюджетінің атқарылуы туралы;

4. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы мақұлдаған Сарыағаш ауданының қала, кент, ауылдық округтерінің 2021 жылға арналған бюджеттерінің атқарылуы туралы;

5. Сарыағаш ауданының «2021-2025» жылдарға арналған әлеуметтік – экономикалық даму бағдарламасының орындалуы туралы;

6. Сарыағаш аудандық кірістер басқармасының ауданның кірістер бөлігі бойынша атқарған жұмыстары туралы;

7. Сарыағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;

8. Сарыағаш ауданының жер қатынастар бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;

9. Сарыағаш ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің және тілдерді оқыту және дамыту орталығының бір жылда атқарған жұмыстары туралы

10. Сарыағаш аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;

11. Сарыағаш аудандық мәслихатының бақылауда тұрған шешімдері мен тұрақты комиссияларының қаулыларының орындалу барысы туралы;

12. Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық штаб құрамын және ережесін қайта бекіту туралы.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамашылар баяндама жасады. Баяндамашыларға депутаттар тарапынан сұрақтар қойылып, тиісті ұсыныстар мен ескертпелер берілді. Сессия соңында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мәслихат депутаттары шешім қабылдады.